

«№51 ГИМНАЗИЯ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Бекітемін
№51 гимназия директоры
Г.Ж.Дарибаева
« » 2024ж



«ШЕБЕР ҚОЛДАР» үйірмесінің жұмыс жоспары

Үйірме жетекшісі:Итолин Н

2024ж

Түсінік хат

«Шебер қолдар» үйірмесі

Бұл үйірме ер балаларға арналған және олардың шығармашылық қабілеттерін, қол еңбегіне деген қызығушылығын арттыруға, сонымен қатар, өздігінен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға бағытталған.

Бағдарламаның мақсаты:

- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Қол еңбегіне деген сүйіспеншілікті арттыру;
- Әр түрлі материалдармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;
- Жауапкершілік пен еңбексүйгіштікті дамыту.

Бағдарламаның маңыздылығы:

- Қазіргі қоғамда шығармашылық және техникалық дағдылардың маңыздылығы артып келеді. Үйірме оқушыларға осы қабілеттерді дамытуға мүмкіндік береді.
- Қол еңбегі арқылы балалар өздерінің шыдамдылығын, мұқияттылығын және еңбек сүйгіштігін дамытады.
- Шығармашылық жұмыс балалардың өзін-өзі танып, өз күшіне сенімділігін арттырады.

Бағдарламаның бағытталуы:

1. Теориялық білім беру:

- Материалдардың қасиеттерін түсіндіру;
- Жұмыс құралдары мен жабдықтардың түрлері және оларды қолдану әдістерін үйрету.

2. Практикалық дағдыларды дамыту:

- Ағаш, металл, мата, қағаз және басқа материалдармен жұмыс істеу әдістерін меңгеру;
- Қарапайым және күрделі бұйымдар жасау;
- Жасаған бұйымдарды сәндеу, бояу және безендіру әдістерін үйрену.

3. Шығармашылық ойлау қабілетін дамыту:

- Оқушылардың жеке және топтық жобалармен жұмыс істеуін қолдау;
- Жобаларды дайындау, қорғау және бағалау.

4. Еңбек қауіпсіздігі:

- Қауіпсіздік ережелерімен таныстыру және оларды қатаң сақтау.

Үйірменің мазмұны:

1. Таныстыру және қауіпсіздік сабақтары:

- Үйірменің ережелері мен мақсаттарымен танысу;
- Қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.

2. Материалдармен жұмыс:

- Қағаздан, картоннан, ағаштан, металдан және басқа материалдардан қарапайым бұйымдар жасау;
- Жасаған бұйымдарды сәндеу, бояу және безендіру.

3. Жобалық жұмыс:

- Жеке және топтық жобаларды дайындау;
- Шығармашылық идеяларды іске асыру.

4. Қорытындылау және бағалау:

- Дайын бұйымдарды қорғау және бағалау;
- Үздік жұмыстарды марапаттау.

Үйірме жетекшісі: _____ **Итолин Н.И**

Үйірме жұмысын жоғары білікті, тәжірибелі ұстаз жүргізеді, олар оқушыларға қажетті білім мен дағдыларды беруге дайын.

«Шебер қолдар» үйірмесінің жоспары

4 қыркүйек 2024, Категориясы: Көркем еңбек

Ақтөбе қаласы №51 гимназия

Үйірме жетекшісі: Итолин Н.И

«Шебер қолдар» үйірмесі

Үйірменің проблемалық тақырыбы:

«Шебер қолдар» үйірмесінің жұмысы арқылы, оқушылардың шығармашылық жұмыспен айналысуына ықпал ете отырып, ұмыт болып бара жатқан салт - дәстүрімізді, мәдени – мұраларымызды, сәндік - қолданбалы өнерімізді жаңартуға баулу, көркем сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарын жобалау және жасау әдіс - тәсілдерін үйрету.

Үйірменің мақсаты:

1. Оқушыларды өздігінен ізденіп, ұмыт болып бара жатқан өнерді қайта жандандырып, оның шығу тарихын, қалай пайда болғанын түсініп ғана қоймай, оларды өз қолдарымен жасап, сәндік-қолданбалы өнерді қайта жаңартуға, оған жаңа мазмұн беруге баулу.
2. Үйірме жұмыстарының үстімен, әр оқушының дара ерекшеліктерін нақтылай отырып, оқушылардың бейнелі ойлай білу, өз ойларын өнер туындысына айналдыра білу, шығармашылық, жаңашылдық мүмкіндіктерін дамыту.
3. Баланың бойындағы қабілет пен дарынды зерттеу және дамыту арқылы, тиянақтылыққа, табандылыққа тәрбиелей отырып бастаған ісін аяқтап шығуға дағдыландыру.
4. Ата - баба мұрасын бала бойына ұлттық өнер үлгілері арқылы сіңіріп, күнделікті тұрмыста қолданылатын қарапайым ұлттық нақышта бұйымдарды жасау әдістерін меңгерту.

Үйірменің міндеті:

1. Жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыруға, өндіру материалдарын үнемді пайдалана білуге, еңбек мәдениеті мен еңбекті қорғаудың бастапқы элементтерін меңгертуге бағыттау.
2. Баланың бейнелі ойлау, өз ойындағыны нобай, сурет, сұлба, сызбалар мен жазықтыққа шығара білу қабілеттерін қалыптастыру.
3. Бұйым жасаудың тиімді әдіс-тәсілдерін, технологиясын пайдалануды игерту арқылы оқушылардың шеберлігін арттыру.
4. Қалдық материалдардан көркем бұйымдар, макеттер жасау арқылы оларға екінші өмір сыйлауға, қоршаған ортаны ластанудан қорғауға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Оқушылар халық колөнерін игеру арқылы халқының тарихын біліп, мәдени мұрасын қадірлеп, дәстүрін жалғастыра білуге дағдыланады. Өз бетінше ізденіп, теориялық алған білімдерін практикамен ұштастыра отырып, өз қолдарымен жасаған көркем сәндік - қолданбалы өнер туындыларымен макеттерін мектепшілік және қалалық көрмелерге шығарады.

«Шебер қолдар» үйірмесінің тақырыптық жоспары

P/c	Үйренілетін тақырыптар	Сағат саны	Мерзімі
I тоқсан (8 сағат)			
1.	Кіріспе.	1	3.09.24
2.	«Шебер қолдар» үйірмесінің мақсаты мен міндеттері. Техникалық қауіпсіздік ережелері.	2	10.09.24
	<i>Ас үй жабдықтарын дайындау</i>	17	
3.	Ас үй жабдықтарын дайындау. Бөлшектеу тақтасының (Разделочная доска) эскиздерін дайындау.	1	17.09.24
4.	Жасалатын бұйым материалын дайындау. Дайындаманы өңдеу.	1	24.09.24
5.	Дайындаманы берілген контур бойынша кесу. Дайындаманы ажарлау.	1	1.10.24
6.	Бұйымға салынатын ою-өрнек түрлерін тандау. Ою-өрнек эскиздерін дайындау.	1	8.10.24
7.	Дайындамаға өрнек түсіру. Электр күйдіргішімен өрнек салу.	1	15.10.24
8.	Өрлеу, әрлеу материалдары және құралдары. Өрлеу жұмыстары кезіндегі ТҚЕ. Бөлшектеу тақтасын лактау.	1	22.10.24
II тоқсан (8 сағат)			
9.	Астақтай және оқтау жасау әдістері. Бұйым эскиздерін, технологиялық картасын дайындау.	1	5.11.24
10.	Астақтай материалдарын дайындау. Дайындаманы өңдеу.	1	12.11.24
11.	Тақтайды және үшқатты аралау әдістері. Астақтай бөлшектерін дайындау.	1	19.11.24
12.	Тақтайды сүргілеу әдістері. Қолданылатын аспаптар. Астақтай табанын дайындау.	1	26.11.24

13.	Кұрастырып-бекіту әдістері. Астақтайды құрастыру, ажарлау.	1	3.12.24
14.	Ас үй жабдықтарын әрлеу ерекшеліктері. Бұйымды әрлеу.	1	10.12.24
15.	Ағаш өңдеу (СТД-120М) токарь білдегінде орындалатын операциялар. Оқтау жасау технологиялық картасын дайындау.	1	17.12.24
16.	Бұйым материалын таңдау. Дайындама әзірлеу. АӨТБ істеген кездегі ТҚЕ. АӨТБ-де оқтау жону, ажарлау.	1	24.12.25
III тоқсан (10 сағат)			
17.	Конус тәрізді беті бар бөлшектің графикалық бейнесі. Езгілегіш жасау технологиялық картасын дайындау.	1	14.01.25
18.	АӨТБ-нің саптама тетіктері. АӨТБ-де қарадүрсін, тазалап жону операциясын орындау.	1	21.01.25
19.	АӨТБ-де езгілегішті жону. Дайындаманың бетін ажарлау, сыммен ысып күйдіру, кесіп алу, ажарлау, әрлеу.	1	28.01.25
	Сәндік-қолданбалы қолөнері бұйымдарын жасау	9	
20.	Ою элементтері бар қобдишаны дайындау. Бұйымның технологиялық картасын дайындау.	1	4.02.25
21.	Қобдиша жасауға дайындамалар әзірлеу. Дайындамаларды өңдеу	1	11.02.25
22.	Қыларамен істеу әдістері. Аралау кезіндегі ТҚЕ. Бұйымның бөлшектерін дайындау.	1	18.02.25
23.	Ағаш бөлшектерін желімдеу әдістері. Желімдеу кезіндегі ТҚЕ. Қобдишаның түбін желімдеу.	1	25.02.25
24.	Жұқа металды өңдеу технологиясы. Топса эскизін дайындау.	1	4.03.25
25.	Металды аралау, егеулеу, бүктеу, бұрғылау. Қобдиша топсасын дайындау.	1	11.03.25
26.	Топсаны орнату әдістері. Қажетті құрал саймандар. Топсаны орнату. Қобдишаны ажарлау.	1	18.03.25

IVтоқсан (8 сағат)			
27.	Бұйымды көркемдеу өрнектерін таңдау. Ромб, пирамида, шұғыла, жолақ өрнектерінің эскизін дайындау.	1	1.04.25
28.	Бұйымды ағаш шеберлігі әдісімен әрлеу. Күйдіріп өрнек салу, лактау.	1	8.04.25
	<i>Электрлендірілген макеттер дайындау</i>	5	
29.	Қолда бар материалдардың бұйым жасау. Субұрқақ макетінің сызбаларын, эскиздерін дайындау.	1	15.04.25
30.	Су бұрқақтың құрамды бөліктері. Су сорғы қондырғысының бөлшектерін жасау.	1	22.04.25
31.	Су сорғы қондырғысын құрастыру әдістері. Қондырғыны құрастыру және сынақтан өткізу. Су бұрқақ хауызын (бассейн) дайындау әдістері. Су сорғыны хауызға орнату.	1	29.04.25
32.	Бұйымды безендіру әдістерін таңдау. Безендіру шамдарын электрлік жалғау сызбаларын дайындау.	1	6.05.25
33.	Электротехникалық ҚЕ. Су сорғыны, безендіру шамдарын электрлік жалғау. Бұйымды сынақтан өткізу.	1	13.05.25
34.	Оқу жылында жасалған бұйымдардың көрмесі. Оқу жылының қорытындысы.	1	20.05.25
	Барлығы	34	

**2024-2025 оқу жылында «Шебер қолдар» үйірмесіне қатысатын
оқушылардың тізімі**

р/с	Аты-жөні	класы	жасы
1	Адемханов Нұрәли	5 «ә»	11
2	Алмашов Қуаныш	5 «ә»	11
3	Бисекенов Серік	5 «ә»	11
4	Жардембайұлы Әди	5 «ә»	11
5	Асқаров Ернар	5 «в»	11
6	Балжанов Жандәулет	5 «в»	11
7	Мәжит Мансур	5 «в»	11
8	Исабек Таңатар	5 «в»	11
9	Тюлеген Мирас	5 «в»	11
10	Ғалымжанұлы Аслан	6 «в»	12
11	Лекеров Ноян	6 «в»	12
12	Оруджев Рустам	6 «в»	12
13	Сарсембаев Дәулет	6 «в»	12
14	Асылбек Осман	6 «г»	12
15	Базарбай Иманғали	6 «г»	12
16	Ізтұрғанов Жаснұр	6 «г»	12
17	Дастанбек Дәулет	6 «д»	12
18	Тюлеген Асылжан	7 «а»	13
19	Темиргалиев Рахман	7 «а»	13
20	Хайрулла Абдульазиз	7 «а»	13
21	Яулан Парасат	7 «а»	13
22	Сейтқали Бақдәулет	7 «б»	13
23	Мамаев Ерсұлтан	7 «б»	13
24			
25			

«Шебер қолдар» үйірмесінің жетекшісі: _____ Итолин Н.И